

## 11 Тарау. КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ЖОҒАЛТУЛАР МЕН ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ БАРЫНША АЗАЙТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

### 11.1 Кәсіпкерліктегі жоғалтулар мен тәуекел түрлері

Осыған дейін баяндалғандай, кәсіпкерлік тәуекелін бағалаудағы негізгі орынды кәсіпкерлік қызметті жүргізу кезіндегі мүмкін болатын ресурстарды жоғалтуды талдау мен болжау алады.

Бұл жерде кәсіпкерлік қызметтің сипаты және масштабымен объективті шарттасырылған ресурстардың шығыны емес, кездейсоқ алдын ала болжанбаған, бірақ ойластырылған сценарийден нақты кәсіпкерлік әрекет ауытқу әсерінен туындайтын потенциалды мүмкін болатын жоғалтулар туралы айтылып отыр.

Болжанбаған нұсқа бойынша оқиғалардың дамуымен шарттасырылған қандай да бір ықтималдықты бағалау үшін ең алдымен кәсіпкерлікпен байланысты жоғалтулардың барлық түрлерін білу, және оларды алдын ала анықтау немесе ықтимал болжамдық шамалар ретінде өлшеуге болады. Оған қоса, әрбір жоғалту түрін сандық жағынан бағалап оларды біріктіру де аса маңызды, бірақ мұны әрқашан жасай беруге мүмкіндік бола бермейді.

Болжау үдерісіндегі ықтимал жоғалтуларды есептеу туралы айтқан кезде аса маңызды бір жағдайды да ұмытпаған жөн. Кәсіпкерліктің барысы мен нәтижесіне әсер ететін оқиғалардың кездейсоқ дамуы ресурстардың артық шығындалуы мен соңғы нәтиженің төмендеуі түріндегі жоғалтулармен ғана шектелмейді. Сол бір кездейсоқ жағдай ресурстардың бір түрінің артуы мен басқасының кемуіне алып келуі мүмкін, яғни кейбір ресурстардың артық шығындалуымен бірге басқаларының үнемделуі байқалуы мүмкін.

Сонымен, егер кездейсоқ жағдай кәсіпкерліктің соңғы нәтижелеріне екіжақты әсер ететін болса, оның жағымды және жағымсыз салдары болады, тәуекелді бағалау кезінде осылардың екеуінде бірдей деңгейде есепке алу керек. Басқаша айтқанда, мүмкін болатын жоғалтулардың қосындысын анықтау кезінде есептелген жоғалтулардан олар алып келетін артықшылықтарды алып тастаған жөн.

Кәсіпкерлік қызметтегі мүмкін болатын жоғалтуларды материалды, еңбек, қаржылық, уақыттық жоғалтулар, арнайы жоғалту түрлеріне ажыратады.

Жоғалтулардың материалдық түрлері кәсіпкерлік жобада қарастырылмаған қосымша шығындарда немесе жабдыктарды, мүліктерді, өнімді, шикізатты, энергияны және т.б. тікелей жоғалтуларда көрініс табады. Айтылып кеткен жоғалтулардың әрбір түріне қатысты қолданылатын өзіндік өлшем бірліктері бар.

Материалдық жоғалтуларды берілген материалдық ресурстардың саны өлшенетін бірліктермен өлшеген дұрыс болып табылады, яғни салмақтың, көлемнің, ауданның және т.б. физикалық бірліктері.

Алайда әр түрлі бірліктерде өлшенетін жоғалтуларды қосып бір шамамен көрсету мүмкін емес болып табылады. Килграммдар мен метрлерді қосуға болмайтыны белгілі. Сондықтан жоғалтуларды құндық өлшеу, ақша бірліктерімен көрсету жалғыз ғана жол болып табылады. Бұл үшін физикалық өлшемдегі жоғалтулар құндық өлшемге сәйкес материалдық ресурс бірлігінің бағасына көбейту жолымен ауыстырылады.

Құны алдын ала белгілі болатын материалдық ресурстардың айтарлық көп көлемдері үшін жоғалтуларды бірден ақша түрінде бағалауға болады.

Құндық сипатта материалдық ресурстардың жекелеген түрлерінің әрбірі бойынша ықтимал жоғалтулар бағасына ие бола отырып оларды біріктіруге болады, бұл кезде кездейсоқ шамалар және олардың ықтималдықтарымен әрекет ету ережелерін сақтау қажет.

Еңбек жоғалтулары болжанбаған жағдайлардан, кездейсоқ оқиғалар әсерінен жұмыс уақытын жоғалтуды білдіреді. Еңбек жоғалтулары тікелей өлшемінде адам-сағат, адам-күн немесе жай ғана жұмыс уақытының сағаттары арқылы көрініс табады.

Еңбек жоғалтуларын құндыққа ауыстырғанда ақшалай көрініс еңбек сағаттарын бір сағаттың құнына (бағасына) көбейту арқылы жүргізіледі.

Қаржылық жоғалтулар – бұл қарастырылмаған төлемдермен, айыппұлдармен, қосымша салықтар төлеумен, ақша қаражаттарын және бағалы қағаздарды жоғалтумен байланысты тікелей ақшалай шығын. Одан басқа, қаржылық жоғалтулар қарастырылған көздерден ақшаны толық алмау немесе түгелімен алмау, қарыздардың қайтарылмауы, жіберілген өнімге тұғынушы ақша төлемеу, жүзеге асырылатын өнімдер мен қызметтерді арзандату әсерінен табысты азайту кезінде де болуы мүмкін.

Ақшалай шығындардың ерекше түрлері инфляциямен, валюта бағамының өзгерісімен, кәсіпорын қаражаттарын заңды түрде қосымша мемлекеттік (республикалық, жергілікті) бюджетке аударумен байланысты.

Соңғы, қайтарымсыз жоғалтулармен бірге шоттарды тоқтатып тастау, қаражаттарды уақытында бермеу, қарыздарды төлеуді кейінге қалдырумен шарттастырылған уақытша қаржылық жоғалтуларда болуы мүмкін.

Уақытты жоғалту кәсіпкерлік қызмет үдерісі жоспардағыдан төмен қарқынмен жүрген кезде орын алады. Мұндай жоғалтуларды тікелей бағалау сағаттармен, күндермен, апталармен, айлармен есептелетін көзделген нәтижені алудағы кешігулермен жүргізіледі. Уақыттық жоғалтуларды құндық өлшемге ауыстыру үшін кездейсоқ уақытты жоғалту кәсіпкерліктің табысы мен пайдасына қандай шығындар алып келетінін белгілеген жөн.

Жоғалтулардың арнайы түрлері адам денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға, кәсіпкерлік беделге зиян келтіру арқылы, сонымен қатар басқа да жағымсыз әлеуметтік және моральды психологиялық салдарлардан көрініс табады. Көбінесе жоғалтулардың арнайы түрлерін сандық, оған қоса құндық сипатта анықтау өте қиын болып келеді.

Жоғалтулардың әрбір түрлері үшін олардың пайда болуының және шамасының мүмкіндігін бастапқы бағалауды айды, жылды, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын мерзімді қамтитын белгілі бір уақытта жүргізген жөн.

Тәуекелді бағалау үшін ықтимал жоғалтуларды кешенді талдау жүргізген кезде тәуекелдің барлық көздерін белгілеп қана қоймай, сонымен бірге қандай көздер негізгі екенін де анықтаған маңызды.

Жоғалтулардың жоғарыда көрсетілген түрлерін талдай отырып, олардың шамасының жалпы бағасына қарай отырып ықтимал жоғалтуларды анықтаушы және туындаушыға ажырату қажет.

Сәйкесінше, кездейсоқ факторлардың әсерімен шарттастырылған тәуекелді бағалаудан бұрын жоғалтудың жүйелі құрауыштарынан кездейсоқ құрауышарын ажыратып алған өте дұрыс шешім болып табылады. Бұл математикалық тұрғыдан қажет, себебі, кездейсоқ шамалармен болатын әрекеттер детерминирленген шамалармен болатын әрекеттерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Өндірістік, коммерциялық, қаржылық кәсіпкерліктегі кездейсоқ жоғалтулардың көрініс талдауға өтпестен бұрын жоғалтулардың кейбір ерекше көздерін және оларға әсер ететін факторларды көрсетейік.

Оларға болжанбаған саяси факторлардың әсерінен болатын жоғалтуларды жатқызған жөн. Мұндай жоғалтулар саяси тәуекелдерді тудырады. Ол кәсіпкер үшін жағымсыз жағдайлар туғызатын және соған сәйкес ресурстарды артығымен жұмсауға және пайданы жоғалтуға алып келуге қабілетті шаруашылық қызметтің жағдайларын

өзгертетін саяси оқиғалармен шарттастырылған күтпеген нысанда көрініс табады.

Мұндай тәуекелдің қарапайым көздері – салық мөлшерлемелерінің артуы, мәжбүрлі аударымдардың енізілуі, келісімшарттық жағдайлардың өзгеруі, меншік нысандары мен қатынастарының өзгерісі, мүліктер мен ақша қаражаттарының саяси уәждерге сәйкес берілуі. Бұл жағдайда мүмкін жоғалтулардың көлемі мен олар анықтайтын тәуекел деңгейін алдын ала болжау өте қиын.

Осы сипаты жағынан табиғи апаттармен, сонымен қатар ұрлық және рәкеттікпен шарттастырылған жоғалтулар ұқсас болып келеді.

Ерекше орынға серіктестер тарапынан адалдықтың, әдлеттіліктің болмауымен шарттастырылған кәсіпкер жоғалтулары ие. Мәміледе алданып қалу немесе борышкердің төлем қабілетсіздігіне, қарыздың қайтпауына тап болу тәуекелі, өкінішке орай, шындық болып табылады.

Сонымен, потенциалды мүмкіндігі кәсіпкерлік тәуекел тудыратын жоғалтуларды сипаттайық.

## 11.2 Өндірістік кәсіпкерліктегі жоғалтулар

Жоспарланған өндіріс көлемін және өнімді жүзеге асыруды азайту өз кезегінде еңбек өнімділігінің төмендеуіне, жабдықтардың тұрып қалуына немесе өндіргіш күштерді толығымен қолданбауға, жұмыс уақытының жоғалуына, қажетті бастапқы материалдар санының болмауына, ақау үлесінің артуына сәйкесінше жоспарланған табыстың болмауына алып келеді. Бұл жағдайда ықтимал жоғалтулар  $D$  құндық сипатта мына формуламен анықталады

$$D = O \times C,$$

мұнда

$O$  – шығарылатын өнім көлемінің азаюының ықтимал қосындысы;

$C$  – өнім көлемі бірлігінің сату бағасы.

Өнімді сатуға жоспарланған бағаның жеткіліксіз сапаға, жағымсыз нарықтық конъюнктураның өзгерісіне, сұраныстың төмендеуіне, бағалық инфляцияға байланысты төмендеуі мына формула бойынша анықталатын ықтимал жоғалтуларға алып келеді

$$D = I \times O,$$

мұнда

Ц – өнім көлемі бірлігі бағасының ықтимал азаюы;

O - Жоспарланған өндірістің және өнімді жүзеге асырудың жалпы көлемі.

Материалдарды, шикізатты, отынды, энергияны артық жұмсаумен шарттастырылған арттырылған материалдық шығындар мынадай тәуелділікпен анықталатын жоғалтуларға алып келеді

$$D=M_1 \times Ц_1 + M_2 \times Ц_2 + \dots ,$$

мұнда

M – материалдық ресурстың ықтимал артық шығындалуы;

Ц – ресурс бірлігінің бағасы.

Басқа да арттырылған шығындар жоғары көлік тасымалдау шығындарының, сауда шығындарының, үстеме және басқа да жанама шығындардың салдары болуы мүмкін.

Жоспарланған еңбек төлемі қоры көлемінің артық шығындалуы артынша есептелген санның артуына немесе жоспарланғаннан гөрі кейбір жеке жұмысшыларға артық төлемдердің жасалуына алып келеді.

Егер де бизнес-жоспарды жүзеге асыру кезінде аударымдар мен салықтар мөлшерлемесі кәсіпкер тарапына жағымсыз өзгерістерге ұшырайтын болса, онда арттырылған аударымдар мен салықтар туындайды.

Айыппұлдар, табиғи кему, сонымен қатар апатты жағдайлармен шарттастырылған жоғалтуларды да есептеу жолымен есепке алу мүмкін болмаса да назардан тыс қалдырмаған жөн.

### 11.3 Коммерциялық кәсіпкерліктегі жоғалтулар

Кәсіпкерлік жобаны жүзеге асыру үдесіндегі тауарды сатып алу бағасының жағымсыз өзгеруі (артуы) жән келісім шарттарының бұзылуы (D) ықтимал жоғалтуларға алып келеді, ол мына формула бойынша анықталады

$$D=O \times Ц, \text{ мұнда}$$

O - е физикалық өлшеміндегі тауарды сатып алу көлемі;

Ц – сатып алу бағасының ықтимал артуы.

Жоспарланғанмен салыстырғанда сатып алу көлемінің төмендеуі өнім шығару көлемінің азаюына, яғни барлық операция масштабына әсер етеді. Пайданы (табысты) жоғалту сатып алу көлемін төмендеуін

жүзеге асырылатын тауар көлемінің бірлігіне келетін пайда (табыс) шамасына көбейту түрінде есептеледі.

Сатып алу мен жүзеге асыру көлемін азайту шығындардың төмендеуінен болуы мүмкін екенін де есепке алған жөн, себебі шартты-тұрақты шығындардан басқа операция көлеміне пропорционалды шығындар да кездеседі.

Айналым үдерісі кезінде (тасымалдау, сақтау) тауарды жоғалту немесе сапаны, тауардың тұтынушылық құнын жоғалту оның құнының төмендеуіне алып келеді. Мұндай шығынның деңгейі жоғалған тауар санының сатып алу құнына немесе бұзылған тауар санын босатылған бағаның төмендеуіне көбейтіндісі ретінде бекітіледі.

Жоспарланғанмен салыстырғанда айналым шығындарын арттыру адекватты түрде табыстың, пайданың төмендеуіне алып келеді. Шығындарды арттырудың мүмкін себептерінің ішінде болжанбаған баждар, аударымдар, айыппұлдар, қосымша шығындар болуы мүмкін.

Жобылықпен салыстырғанда тауар жүзеге асырылатын бағалардың төмендеуі жүзеге асыру көлемін бағаның төмендеуіне көбейтіндісі шамасында жоғалтуларға алып келеді.

Болжанбаған сұраныстың немесе тауарға деген қажеттіліктің төмендеуімен, бәсекелес тауарлармен оның ығыстырылуымен, сатуға шектелуімен шарттастырылған жүзеге асыру көлемінің азаюы сатылмаған өнім көлемі мен босатылған баға көбейтіндісімен өлшенетін табыс пен пайданың жоғалуын алып келуге қабілетті.

Қаржылық кәсіпкерліктегі жоғалтулар.

Айталып кеткендей, қаржылық кәсіпкерлік, шын мәнінде, бұл да коммерциялық кәсіпкерлік, бірақ бұл жерде тауар ақша, бағалы қағаз, валюта түрінде болады. Сәйкесінше, коммерциялық кәсіпкерлік үшін тән жоғалтулар қаржылық кәсіпкерлікте де болады.

Соған қарамастан қаржылық тәуекелді бағалау кезінде қаржылық мәміле агенттерінің бірінің төлем қабілетсіздігі, ақша, валюта, бағалы қағаз бағамының өзгеруі, валюталық-операциялық ақшаларға шектеу, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үдерісіндегі қаржылық ресурстардың белгілі бір бөлігінің алынуы сияқты ерекше факторларды да есепке алу қажет.

Тәуекел көрсеткіштері және оны бағалаудың әдістері.

Әрине, тәуекел ықтимал категория болып табылады, және оны ғылыми тұрғыдан сипаттап және өлшеп жоғалтулардың белгілі бір деңгейінің туындау ықтималдығы ретінде негіздеген жөн.

Басқаша айтқанда, тәуекелді барлық жағынан бағалау кезінде мүмкін болатын жоғалтудың әрбір абсолютті немесе салыстырмалы мән үшін сәйкес сондай шаманың туындау ықтималдығын белгілеу керек.

Ықтималдық қисығын (немесе кесте) құру тәуекелді бағалаудың бастапқы сатысы болып табылады. Бірақ оны кәсіпкерлікке қолдану көбінесе қиын мәселе тудырады. Сондықтан іс жүзінде тәуекелді тәуекелді түсіну үшін барынша маңызды жалпыланған сипаттамаларды білдіретін бір немесе бірнеше көрсеткіштер бойынша бағалай отырып жеңілдетілген тәсілдерді қолданумен шектелуге тура келеді.

Тәуекелдің басты көрсеткіштерінің кейбірін қарастырайық. Бұл мақсатпен ең алдымен жоғалту шамасына тәуелі белгілі бір тәуекел облысы немесе зонасын белгілейік.

Жоғалту күтілмейтін облысты тәуекелсіз зона деп атаймыз, оған нәлдік немесе теріс жоғалтулар (пайданы артуы) сәйкес келеді.

Рұқсат етілген тәуекел зонасы ретінде берілген кәсіпкерлік қызмет өзінің экономикалық мақсаттылығын сақтайтын аралық облысты түсінетін боламыз, яғни жоғалтулар орын алады, бірақ олар күтілетін пайдадан аз.

Рұқсат етілген зона шекарасы кәсіпкерлік қызметтен түсетін есептелген пайдаға тең жоғалту деңгейіне сәйкес келеді.

Келесі аса қауіпті облысты сыни тәуекел зонасы деп атайтын боламыз. Бұл жоғалту мүмкіндігімен сипатталатын облыс күтілетін пайданың шамасынан кәсіпкерліктен түсетін толық есептік табысқа дейінгі шамаға дейін асады, ол шығындар мен пайда қосындысын білдіреді.

Басқаша айтқанда, сыни тәуекел зонасы жоғалту қауіптілігімен сипатталады, олар күтілетін пайдадан асып түседі және де өзінің максимум деңгейінде кәсіпкерлік іске салынған барлық қаражаттарды орны толмас жоғалтуға алып келуі мүмкін. Соңғы жағдайда кәсіпкер мәміледен тек табыс алмай ғана қоймай, сонымен бірге пайдасыз барлық шығындар қосындысына тең зиян келтіреді.

Сыни тәуекелден басқа, одан да жаман апатты тәуекелді де қарастырған дұрыс болып табылады. Апатты тәуекел зонасы өзінің көлемі бойынша сыни деңгейден асып түсетін жоғалту облысын білдіреді және өзінің максимумында кәсіпорынның мүліктік жағдайына тең шамаға жете алады. Апатты тәуекел кәсіпорынды банкроттыққа, оның жабылуына және мүлікті сатуға алып келуге қабілетті.

Апатты категорияға мүліктік немесе ақшалық шығынға қарамастан адам өмірі немесе экологиялық апаттар туындауы үшін тікелей қауіптілікпен байланысты тәуекелді де жатқызған жөн.

Ықтималдықты бөлу қисығын құру үшін келесідей болжамдар қабылданған.

1.  $PP_p$  – есептік шамасына тең пайданы алу барынша ықтимал. Мұндай пайданы алуықтималдылығы максималды деңгейде, сәйкесінше  $PP_p$  мәнін пайданың математикалық күтімі деп санауға болады.

2. Пайданың жоғалтулары ( $PP$ ) оның есептік шамасымен салыстырғандағы оның азаюы есептеледі. егер нақты пайда  $PP$ -ға тең болса, онда

$$PP=PP_p-PP$$

3. Өте үлкен (теориялық түрде шексіз) жоғалтулардың ықтималдығы іс жүзінде нөлг тең, себебі жоғалтулар жоғарғы шекке ие болады (сандық бағалау мүмкін болмайтын жоғалтулардан басқасы).

Әрине, қабылданған ережелер белгілі бір деңгейде даулы, себебі олар шын мәнінде барлық тәуекел түрлері үшін сақталмауы мүмкін. Бірақ, жалпы алғанда, олар кәсіпкерлік тәуекелдің жалпы өзгеру заңдылықтарын дұрыс көрсетеді және пайда кездейсоқ шама ретінде бөлудің қалыпты немесе қалыптыға жақын заңға бағындырылған деген гипотезаға негізделеді.

Пайданы алудың ықтималдық қисығына сүйене отырып тәуекел қисығы деп атау дұрыс болып табылатын пайданың жоғалтуларының мүмкін ықтималдықтарын бөлу қисығын құрамыз. Іс жүзінде бұл да сол қисықтар, бірақ ол басқа координаттар жүйесінде құрылған.

Пайданың жоғалту ықтималдықтарын бөлу қисығында көрсетілген бірнеше сипатты нүктелерді белгілейік.

Бірінші нүкте ( $?PP=0$  и  $V=V_p$ ) пайданың нөлдік жоғалтулар ықтималдығын анықтайды. Қабылданған ережелерге сәйкес нөлдік жоғалтулар максималды, бірақ, әрине, бірден аз.

Екінші нүкте ( $?PP=PP_p$  и  $V=V_d$ ) күтілетін пайдаға тең мүмкін жоғалтулар шамасымен сипатталады, яғни ықтималдығы тең толық пайда жоғалтуларымен.

1 және 2 нүктелер шектес, рұқсат етілген тәуекелдің рұқсат етілген зонаның орнын анықтайды.

Үшінші нүкте ( $?PP=VP$  и  $V=V_{кр}$ ) есептелген табысқа тең жоғалту шамасына сәйкес келеді. Мұндай жоғалтулардың ықтималдығы  $V_{кр}$  тең.

2 және 3 нүктелер сыни тәуекелдің шекаралық зоналарын анықтайды.

Төртінші нүкте ( $?PP=IC$  и  $V=V_{кт}$ ) ықтималдылығы  $V_{кт}$  тең кәсіпкердің мүліктік жағдайына тең жоғалтулармен сипатталады.

3 және 4 нүктелердің арасында апатты тәуекел зонасы орналасқан.

Кәсіпкердің мүліктік жағдайынан артық жоғалтулар қарастырылмайды, себебі оларды төлету мүмкін емес.



Жоғалтулардың белгілі бір деңгейлерінің ықтималдығы күтілетін тәуекел туралы ойларды айтуға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштер болып табылады. сондықтан құрылған қисықтарды тәуекел қисығы деп атауға болады.

Мысалы, егер апатты жоғалту ықтималдығы барлық жағдайды жоғалту қаупін білдіретін көрсеткіштерден тұратын болса (мысалы, оның 0,2-ге тең мәні кезінде) онда есі дұрыс сак кәсіпкер мұндай істен бас тартады және де мұндай тәуекелге бармайды.

Осылайша, егер кәсіпкерлік қызмет тәуекелін бағалау кезінде тәуекел ықтималдылығының қисығын толығымен салу мүмкін болмаса, онда мұндай бағалаудың міндетін сәтті шешілген деп санауға болады.

Тәуекелді бағалаушы кәсіпкерге нүктелік емес, интервалдық әдіс тән. Оған тек жасалғалы отырған мәміледе 1000 теңгені жоғалту ықтималдығы 0,1 немесе 10% екенін білу ғана маңызды емес. Ол сонымен белгілі бір аралықтағы соманы жоғалту ықтималдығымен де қызығады. (мысалы, 1000-нан 1500 теңгеге дейін).

Жоғалту ықтималдығы қисығының болуы жоғалтудың белгіленген интервалда орта мәнді табу жолымен бұл сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді.

Интервалдық әдістің басқа да барынша мүмкін «жартылай интервалды» нысанда көрінуі мүмкін, бұл дәл осы кәсіпкерлік тәуекелдік үшін тән.

Тәуекелге рұқсат беру мен мақсаттылығы туралы кәсіпкер шешім қабылдау үдерісі кезінде оған жоғалтудың белгілі бір деңгейінің ықтималдылығын ғана емес, сонымен бірге жоғалтулар кейбір деңгейден асып түспейтіндігі маңызды. Логикаға сәйкес осы тәуекел көрсеткішінің негізгісі болып табылады.

Жоғалтулар белгілі бір деңгейден аспайды деген ықтималдылық сенімділіктің көрсеткіші болып табылады. Кәсіпкерлік істің тәуекел және сенімділік көрсеткіштері өзара тығыз байланысты.

Кәсіпкер мынадай нәрсені анықтады делік: 10000 теңгені жоғалту ықтималдылығы 0,1%, яғни салыстырмалы түрде аз, және ол мұндай тәуекелге дайын.

Бұл жердегі маңызды нәрсе кәсіпкер 10000 теңгені жоғалтудан қорықпайды, ол кез келген аз жоғалтуға дайын және одан көпке келісуге дайын емес. Бұл тәуекел жағдайындағы кәсіпкер әрекетінің табиғи заңды психологиясы.

- В<sub>р</sub>, В<sub>д</sub>, В<sub>кр</sub>, В<sub>кт</sub> – тәуекелдері көрсеткіштерін білу пікір қалыптастыруға және кәсіпкерлікті жүргізу бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бірақ мұндай шешім қабылдау үшін рұқсат етілген, сыни және апатты тәуекел көрсеткіштерінің мәнін

бағалау жеткіліксіз. Олар жоғары көтерілмеуі қажет, ол қауіпті зонаға түспес үшін бұл көрсеткіштердің шекті шамасын белгілеу немесе қабылдау қажет.

Рұқсат етілген, сыни және апатты тәуекелдердің пайда болу ықтималдығының шекті мәндерін  $K_d$ ,  $K_{кр}$ ,  $K_{кт}$  деп белгілейік. Бұл көрсеткіштердің шамаларын кәсіпкерлік тәуекелдің қолданбалы теориясы белгілеуі тиіс, сонымен бірге кәсіпкердің өзі де асуға ұмтылмайтын шекті тәуекел деңгейін белгілеуге құқылы.

Менің ойымша, келесідей шекті тәуекел көрсеткіштеріне бағытталуға болады:  $K_d=0,1$ ;  $K_{кр}=0,01$ ,  $K_{кт}=0,001$ , яғни сәйкесінше 10, 1 және 0,1%. Бұл егер де жүз жағдайдың онында барлық пайданы, жүз жағдайдың бірінде табысты, мың жағдайдың бірінде мүлкті жоғалтатын болса, онда кәсіпкерлік мәмілені жасаудың тиімсіз екендігін білдіреді.

Қорыта айтатын болсақ, тәуекелдің үш көрсеткішінің мәніне және шекті тәуекелдің критерийлеріне ие бола отырып, талданып отырған кәсіпкерлік түрінің жалпы шарттарын қалыптастыруға болады:

А. Рұқсат етілген тәуекелдің көрсеткіші шекті мәнінен аспауы тиіс ( $B_d < K_d$ ).

Б. Сыни тәуекелдің көрсеткіші шекті шамадан аз болуы қажет ( $B_{кр} < K_{кр}$ ).

В. Апатты тәуекел көрсеткіші шекті деңгейден аспауы қажет ( $B_{кт} < K_{кт}$ ).

Сәйкесінше, шаруашылық тәуекелді бағалаудағы басты нәрсе мүмкін жоғалтулардың қисығын құу өнері болып табылады.

Тәуекел қисығын құрудың қолданбалы тәсілдерінің қатарында статистикалық, эксперттік және есептік-аналитикалық тәсілдерді атап кеткен жөн.

Статистикалық тәсілде жоғалту статистикасы зерттеледі, жоғалтулардың белгілі бір деңгейлерінің пайда болу жиілігі бекітіледі. Егер статистикалық массив жеткілікті болса, онда жоғалтудың бұл деңгейінің пайда болуының жиілігін ықтималдыққа теңестіруге болады, және осы негізде жоғалтулардың жоғалту ықтималдығын құруға болады.

Эксперттер бағасы әдісінің атауымен белгілі эксперттік тәсіл кәсіпкерлік тәуекелге байланысты тәжірибелі кәсіпкерлер немесе мамандардың пікірлерін өңдеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Барынша тырысатын нәрселердің бірі эксперттер пікірінің орта мәнін шығару және олардың көмегімен ықтималдықтарды бөлудің қисығын құру.

Есептеу-аналитикалық тәсілде кәсіпкерлік тәуекел көрсеткіштері теорияға негізделеді. Өкінішке орай, айтылып өткендей, тәуекелдің қолданбалы теориясы сақтандыру және ойын тәуекеліне ғана жақсы жасалған.

Ойын теориясы элементтері барлық кәсіпкерлік тәуекел түрлерінде қолданылады, бірақ ойын теориясы негізіндегі өндірістік, коммерциялық, қаржылық тәуекелдердің бағалау есептеулерінің қолданбалы математикалық әдістері жасалмаған.

Соған қарамастан гипотезадан шығатыны жоғалтуларды бөлу заңы. Алайда бұл жағдайда да тәуекел қисығын құру мәселесін шешу керек.

#### **11.4 Қаржылық тәуекелді төмендету тәсілдері**

Қаржы тәуекелдері түрлі әдістер мен тәсілдер көмегімен шешіледі. Қаржы тәуекелдерін шешу құралдары болып олардан қашу, ұстап қалу, беріп жіберу, деңгейін төмендету.

Тәуекелден қашу тәуекелмен байланысты шарадан жай ауытқумен түсіндіріледі. Алайда кәсіпкер үшін көбінесе тәуекелден қашу пайда алу мүмкіндігін қолданбауды білдіреді. Тәуекелді ұстап қалу – тәуекелді инвестордың жауаптылығына қалтыру. Сонымен, инвестар венчурлік капиталды сала отырып, вечурлік капиталдың мүмкін болатын жоғалтуларын меншікті қаражаттары есебінен өтей алатынын алдын ала ескереді. Тәуекелді беріп жіберу инвестор тәуекел жауаптылығын басқа біреуге, мысалы сақтандыру қоғамына, беріп жіберумен түсірдіріледі. Бұл жағдайда тәуекелді беріп жіберу қаржы тәуекелін сақтандыру жолымен жасалды. Тәуекел деңгейін төмендету – жоғалтулар ықтималдылығын және көлемін қысқарту.

Қаржы тәуекелін шешуде нақты құралдарды таңдауда инвестор келесі принциптерге сүйенуі тиіс:

- меншікті капитал мүмкіндігінше ғана тәуекел етуге болады;
- тәуекелдің соңын ойлау керек;
- аз нәрсе үшін көптен тәуекел етуге болмайды.

Бірінші принципке сүйенуде инвестор капитал салымын жасаудан бұрын тиіс:

- берілген тәуекел бойынша мүмкін болатын шығыстар көлемін максималды түрде анықтау;
- оларды (шығыстарды) капитал салымының көлемімен салыстыру;
- оларды (шығыстарды) барлық меншікті қаржы ресурстармен салыстырып, инвесторды банкроттыққа әкелмей ме екенін анықтау.

Капитал салымы бойынша шығыстар көлемі капитал көлеміне тең, не одан кіші, не үлкен болуы мүмкін.

Портфельді инвестиция кезінде, яғни екінші ретті нарықта сатуға болатын бағалы қағаздарды сатып алған кезде шығыс көлемі әдетте шығыстанатын капитал көлемінен аз. Инвестордың өзіндік қаржылық ресурстардың көлемі және максималды мүмкін болатын шығыстар көлемінің арақатынасы банкроттыққа апаратын тәуекел деңгейі. Ол тәуекел коэффициентімен өлшенеді:

$$K_p = Y / C,$$

мұндағы  $K_p$  – тәуекел коэффициенті;

$Y$  – максималды мүмкін болатын шығыс сомасы;

$C$  – нақты түскен қаражаттар есебімен өзіндік қаржылық ресурстар көлемі.

Екінші принципке сүйену инвестор шығыстың максималды мүмкін болатын көлемін біле отырып, оның тәуекелдің ықтималдылығы қандай екенін анықтауды және тәуекелден (яғни шарадан) бас тарту, тәуекелді өз жауаптылығына алу немесе тәуекелді басқа тұлғаның жауаптылығына беру шешімін қабылдауды талап етеді

Үшінші принциптің қызмет етуі қаржы тәуекелін әсіресе беріп жіберуде көрінеді. Бұл жағдайда инвестор сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйақы өзіне жағымды арақатынасын анықтау тиіс. Сақтандыру сыйақысы немесе сақтандыру жарнасы - бұл сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі үшін төлемі. Сақтандыру сомасы – материалдық құндылықтар (немесе сақтанушының азаматтық жауапкершілігі, өмірі жіне денсаулығы) сақтандырылған ақша сомасы. Егер шығыс көлемі сақтандыру сыйақысын үнемдеумен салыстырғанды үлкен болса, онда тәуекел ұсталынып қалуы тиіс емес, себебі инвестор тәуекелді өзіне алмау керек. Қаржы тәуекел деңгейін төмендеті үшін түрлі әдістер қолданылады:

- диверсификациялау;
- таңдау және нәтижелер туралы қосымша ақпараттар алу;
- шектеу;
- сақтандыру;
- жабу;
- хеджирлеу және т.б.

Диверсификациялау өздерінің арасында тығыз байланысты түрлі салым объектілері арасында инвестицияланатын қаражаттарды

орналастыру процесін білдіреді. Диверсификациялау принципінде клиенттерге өз акцияларын сататын, ал алған қаражаттарды нарықтан сатып алынатын және тұрақты орташа табыс әкелетін түрлі бағалы қағаздарға салатын инвестициялық қорлардың қызметіне негізделеді. Диверсификациялау түрлі қызметтер арасында капиталды орналастыру кезінде тәуекелдің бөлімінен қашуға мүмкіндік береді. Сонымен, инвестор бір акционерлік қоғам орнына бірнеше түрлі акционерлік қоғам N акцияларын сатып алу табыс ықтималдылығын N есеге көбейтеді және сәйкесінше тәуекел деігейін N есе төмендетеді.

Кейде инвестор нәтижелер анықталмаған және шектелген ақпараттар жағдайында шешім қабылдайды. Әрине, егер инвесторда толық ақпарат болса, ол сапалы болжам жасап, тәуекел деігейін төмендеті алатын еді. Бұл жағдай ақпаратты тауар ретінде көрсетеді. Ақпарат бағалы тауар болып табылады, ол үшін инвестор үлкен ақша төлеуге дайын, олай болса, ақпаратқа капитал салымы кәсіпкерліктің бір сферасы болып табылады. Толық ақпарат құны толық ақпарат бар кездегі бір нәрсенің күтілетін сатып алу құны мен ақпарат толық емес жағдайдағы күтілетін құн арасындағы қатынасы ретінде есептеледі. Егер болжам нақты болып шықпаса да, қаражаттарды перспективаға өткізудің сапалы болжамын қамтамасыз ететін сұраныс пен өткізу нарығын зеттеуге салған тиімді.

Шектеу – шығыстар, сатулар, несиелер және тағы басқалардың шекті сомасын бекіту. Шектеу тәуекел деігейін төмендетудің маңызды құралы болып табылады және шектеуді банктер қарыз беруде, овердрафт келісімшартына отырғанда; шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарларды несиеге(несие карточкасы бойынша), жол чектері және еврочектер бойынша сату, инвесторлар капитал салымы сомасын анықтау кезінде қолданады.

Сақтандыру мәні – тәуекелден қашу үшін инвестор табыстың бөлігінен бас тартуға, яғни тәуекел деігейін нөлге дейін төмендету үшін төлеуге дайын. Егер сақтандыру құны мүмкін болатын шығысқа тең болса, онда тәуекелге қарсы инвестор басынан кешу мүмкін кез келген қаржылық жоғалтуларды толық өтеуді қамтамасыз ететіндей сақтана алады. Қаржы тәуекелдерін сақтандыру оның деігейін төмендету әдістерінің ең тараған түрі болып табылады. Сақтандыру – бұл ерекше қаржылық қатынастар. Бұл қатынастар үшін міндетті түрде екі жақ болуы қажет: сақтандырушы мен сақтанушы. Сақтандырушы сақтанушы төлемдері есебінен ақша қорын (сақтандыру немесе резервтік қор) құрады.

Сақтандыру үшін құрылып жатырған ақша қорының мақсатты бағыттылық сипаты тән, оның ресурстарын тек алдын ала келісілген

жағдайлардағы жоғалтуларды өтеуге (көмек көрсету) жұмсау; қатынастардың ықтималдылық сипаты, себебі сәйкес жағдай қашан болатыны, оның күші қандай және қай сақтанушыға тиесілі болатыны алдын ала белгісіз; қаражаттардың қайтарымдылығы, себебі бұл қаражаттар барлық сақтанушылар бойынша зияндарды өтеу төлеміне бағытталған.

Сақтандыру процесінде сақтандыру қорын құруда қатысушылар арасында қаражаттарды қайта бөлу жүргізіледі: бір немесе бірнеше сақтанушы жоғалтуларын өтеу жоғалтуларды барлығына бөлу жолымен жүргізіледі. Белгілі бір кезеңде төлем жасаған сақтанушылар саны өтеу алатын сақтанушылар санынан үлкен болады.

Қаржылық тәуекелдерге әсер ететін әдістер:

- болдырмау;
- тәуекелді өзіне қалдыру: өз-өзін қаржыландыру, сырттай қаржыландыру, қаржыландыру қорларын құрмау;
- тәуекелдерді аудару, яғни тәуекелдерді басқа біреуге беру: сақтандыру компанияларына;
- тәуекелді төмендету: тәуекел ықтималдылығын төмендету, тәуекел дәрежесін төмендету немесе жағымсыз нәтижені төмендету.

Тәуекелдерді төмендету әдістері:

1. Әртараптандыру (диверсификация);
2. Ақпараттар жинау;
3. Шектеу (лимиттеу) әдістері;
4. Өзін өзі сақтандыру;
5. Сақтандыру;
6. Хеджирлеу.

Әртараптандыру (диверсификация) - бір бірімен байланысы жоқ салым салынатын объектілерге капиталды тарату процесі. Әртараптандыру арқылы капиталды таратқан кезде тәуекелдің бір бөлігінен құтылуға мүмкіншілік туады. Мысалы: инвестордың бір акционерлік қоғамның акциясын иеленгеннен гөрі бес акционерлік қоғамның акцияларын иеленген тиімдірек. Өйткені орташа күтілетін табыс ықтималдығы бес есе артады және тәуекел деңгейі бес есе төмендейді.

Диверсификация - инвестициялық тәуекелді тарату. Бірақ бұл инвестициялық тәуекелді 0 –ге дейін азайта алмайды. Өйткені шаруашылық субъектінің инвестициялық қызметіне және кәсіпкерлікке диверсификация әсер ете алмайтын сыртқы факторлардың бар екенін ұмытпауымыз керек.

Сыртқы фактор барлық қаржылық нарыққа, тек шаруашылық жүргізуші субъектілерге ғана емес, сонымен бірге инвестициялық

институттарға, банктерге, қаржылық компанияларға, т.б. ықпалын тигізеді. Сыртқы факторға мемлекет экономикасында құбылыстар, әскери қозғалымтар, азаматтық көтеріліс, революция, инфляция – дефляция, коммерциялық банктердегі депозит, несие пайыздық ставкаларының өзгеруі жатады. Бұл құбылысқа байланысты тәуекелді диверсификация арқылы тоқтатуға болмайды.

Сонымен тәуекел екі бөліктен тұрады: диверсификацияланатын және диверсификацияланбайтын.

Диверсификацияланатын тәуекел жүйелі емес тәуекел, яғни тәуекелді орналастыру (диверсификация) арқылы төмендетуге болады.

Диверсификацияланбайтын тәуекел – жүйелі, диверсификация арқылы төмендетуге болмайды.

Бұл мақсатпен шетел экономикасы «портфельді теориясын» енгізген. Осы теорияның құрамдас бөлігі «жүйелі тәуекел мен құнды қағаздар кірісі» (Capital Asset Pricing Model – CAPM) моделі болып табылады.

Инвестор кейде нәтижелер анықталмаған және шектелген ақпаратқа негізделген жағдайда шешім қабылдайды. Әрине, ақпарат толық болған жағдайда тәуекелділікті жақсы болжап, оны төмендетуге болады. Мұндай жағдайда пайдалы ақпарат тауар түрінде көрінеді. Ақпарат толық болған жағдайда толық ақпараттың құны белгілі бір заттың күтілген құны арасындағы айырма түрінде көрініп, ал ақпарат толық болмаған жағдайда күтілетін құны түрінде көрінеді.

Мысалы: Кәсіпкер қанша тауар сатып алу керек екендігі туралы таңдау алдында: 500 бірлік немесе 1000 бірлік. Егер 500 бірлік тауар сатып алса, онда 2000 тг. бір бірлікке шығын шегеді. Ал 1000 бірлік тауар сатып алса, онда шығын 1200 тг. бір бірлікке. Кәсіпкер берілген тауарды бір бірлігіне 3000 тг-ден сатады, бірақ ол бұл тауарға сұраныс болатынын білмейді. Сұраныс болмаған жағдайда оған бағаны төмендетуге тура келеді, бірақ бұл операциядан шығынға ұшырайды. Тауарды сатқан кезде ықтималдық «50 – 50» болады, яғни 500 бірлік тауарды сату үшін 0,5 ықтималдылықпен, 1000 бірлік тауарды сату үшін 0,5 ықтималдылықпен.

Пайда - 500 бірлік тауарды сатқан кезде 500 мың тг.  $[500 \cdot (3000 - 2000)]$ ; 1000 бірлік тауарды сатқан кезде – 1800 мың тг.  $[1000 \cdot (3000 - 1200)]$ ; Орташа күтілетін пайда – 1150 мың тг.  $(0,5 \cdot 500 + 0,5 \cdot 1800)$ .

Белгілі болған жағдайда күтілетін ақпарат құны -1150 мың тг. , ал белгісіз болған жағдайда (1000 бірлік тауар сатып алғанда) -900 мың тг.  $(0,5 \cdot 1800)$ . Сонда толық ақпарат құны - 250 мың тг.  $(1150 - 900)$ .

Шектеу – белгілі бір лимит қою (шығынға, сату көлеміне, несиеге, т.б.). Лимиттеу тәуекелді төмендетудің негізгі құралдарының бірі.

Банктерде ссуда берген кезде, овердрафт бойынша келісімге тұрған кезде, т.б. қолданылады. Ал кәсіпкерлікте займдарды бергенде, тауарларды сатқанда, салым салынатын капитал сомасын белгілеген кезде қолданылады.

Өзін - өзі сақтандыру меншікті қаражаттардың бөлігінің есебінен зиянды жабу және ойда болмаған шығындарды жабуға қаражат жинақтаумен байланысты (резервтік, сақтандыру қоры). Құны фирманың қаржы көрсеткіштермен салыстырғанда аса көп емес мүліктің немесе бір типті мүліктің көп мөлшерін жоғалту қаупі төнгенде, ішкі шаралар көмегімен өзін - өзі сақтандыру орынды болады.

Тәуекелді төмендетудің ең жиі қолданылатын әдістердің бірі сақтандыру. Сақтандырудың маңызы - инвестор тәуекелді болдырмау үшін (тәуекел деңгейін 0-ге дейін төмендету), ол өзінің пайдасының бір бөлігінен айырылуға әрқашанда дайын.

Шет елдерде тәуекелді азайтудың кең тараған тәсілі - хеджирлеу (ағл. *heaging-* қоршау, жоғалтулардан сақтау), қарсы валюталық, коммерциялық, несиелік және басқа талаптар мен міндеттерді даярлау. Бірақ, тәуекелдің көп бөлігі (менеджерлердің қатесі, бағаның өзгеруі, сұраныс, дұрыс тандалмағай жоба және т.б.) толығымен кәсіпкерлерге жүктелген.

Долан Э.Джонның «Деньги, банковское дело и денежно – кредитная политика» атты кітабында бұл терминге келесідей анықтама береді: «Хеджирлеу – болашақтағы айырбас валютасының өзгеру ықтималдығын ескере отырып, жедел келісімге тұру жүйесі». Хеджирлеудің екі операциясы қолданылады: жоғарылағандағы хеджирлеу және төмендегендегі хеджирлеу.

Жоғарылағандағы хеджирлеу жедел контракт пен опциондарды сатып алудағы биржалық операцияны қарастырады. Жоғарылағандағы хеджирлеу бағаның болашақта өсіп кетуінен сақтандырған кезде қолданылады. Ол нақты тауар иемденер алдында сатып алу бағасын ертерек белгілейді. Мысалы: белгілі бір тауардың (валюта бағамы, құнды қағаздар) бағасы үш айдан кейін өседі, ал тауар бізге үш айдан кейін керек. Бағаның өсу салдарынан зиянды өтеу үшін тауарды қазіргі бағамен сатып алып, үш айдан кейін сату керек. Егер үш айдан кейін баға қаншаға өссе, ертеде сатып алынған контрактыны соншаға қымбаттырақ сатуға болады.

Төмендегендегі хеджирлеу немесе сатудағы хеджирлеу – жедел контрактыны сату бойынша биржалық операция. Хеджер болашақта бағаның төмендеу салдарынан контрактыны сатуға үміттенеді. Мысалы: тауар бағасы (валюта бағамы, құнды қағаздар) үш айдан кейін төмендейді. Ал тауарды үш айдан кейін сату керек. Бағаның



төмендеуінен пайда болған шығындарды өтеу үшін хеджер сатылатын тауарды қазіргі жоғары бағамен сатады. Үш ай өткен соң ол қайта төмен бағамен жедел контрактіны сатып алады. Сонымен төмендегендегі хеджирлеу тауарды кейінірек сатуға керек болғанда қолданылады.

Мысалы: Канададан бидайды импорттау (есеп).

Эксперттердің айтуы бойынша Украинада осы жылы егістік болмайды. Бірақ украиндық бизнесмен канадалық бидайдың партиясын сатып, оны қайта сату арқылы пайда таппақ болады. Ол жарты жылдан кейін бидай партиясын Канададан жеткізуге келісімге тұрады, төлемақысы да жарты жылдан кейін.

Мысалға келісім сомасы 600 000 канадалық доллар құрайды, ал бизнесмен өзінің шотында тек американдық доллар. Келісімге тұрған сәтте USD/CAD валюта курсы 1,5000 болсын (1 американдық доллар = 1,5 канадалық доллар). Бизнесменді бұл қанағаттандырады, бірақ ол 6 айдан кейін канадалық доллар курсы американдық доллар курсына қарағанда өсіп кетуіне қауіптенеді. Сондықтан ол құралдарды нақты емес жеткізу туралы сауда шотына келісімге тұру арқылы өз тәуекелін хеджирлейді. Төменде мен бидайды импорттауға байланысты кесетні ұсынғым келеді.

Кесте 3 – Канададан бидайды импорттау

Мерзімі / оқиға	Курс USD/CAD	Нақты жеткізу бойынша банкпен келісім	Нақты емес жеткізу бойынша сауда шотына келісім
Келісімге тұру	1,5000		600 000 канад. дол.-ды сатып алу, амер. дол. -ды сату
6 айдан кейін: тауарды қабылдау және сатушыға 600 000 канад. дол аудару	1,4000	600 000 канад. дол.-ды сатып алу, амер. дол.-ды сату	600 000 канад. дол.-ды сату, амер. дол.-ды сатып алу
Нәтиже		1,5000 курс қатынасы бойынша 40 000 канад. дол. зиян	40 000 канад. дол. пайда

Кестеге сәйкес банктің төмен курспен конвертациялаған зиян мөлшері сауда шотындағы пайдамен өтеледі ( $40\,000 = 600\,000 / 1,5000 * 0,1000$ ).

1,5000 - канадалық доллардың курсы (американдық долларға);

0,1000- валюталық курстың өзгеруі.

Енді валюталық курстың қалай өзгерсе де шығын мен пайда сомасы 0-ге тең болады.

600 000 канад. дол. сомасындағы позиция ашу үшін сауда шотында 4 000 дол. керек ( $600\ 000 / 1.5000 / 100 = 4\ 000$ );

100 – максималды рычаг;

1,5000 – канад. дол. курсы (американдық долларға).

Курстың 1000 пунктке дейін өзгерісін шыдау үшін сауда шотында 27 000 долл. керек (келісім сомасынан 7 %-ға кем). Өзімізге белгілі тәуекелді төмендеткені үшін төлем төлеу керек (Хеджирлеу кезінде). Кез келген орындалған келісім Форекс нарығындағы сатып алу – сату валюта бағасының айырмасы шығына байланысты (спрэд). Нарықтық тәжірибеде бұл айырма – келісім сомасынан 0.05% - 0.1%.

Хеджирлеудің мақсаты – қосымша пайда табу емес, ал потенциалды жоғалту тәуекелін төмендету болып табылады. Жақсы құрылған хеджирлеу бағдарламасы тек тәуекелді төмендетіп қана қоймай, менеджерге негізгі бизнес аспектісінде шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі бизнестің тәуекелсіз болмайтынын көрсетеді. Кәсіпкер тәуекелді ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін қалай азайтатынын білуі қажет. Фирма үшін қандай да бір жағымсыз жағдай болса да, кәсіпкер негативті нәтижелерді азайту мүмкіндіктерін қарастыруы керек.

Тәуекелді талдау кезінде тәуекел аймағы ұғымын пайдалану маңызды, яғни ол шекарасында белгіленген тәуекел деңгейінің шекті мәндерінен аспайтын жоғалтулар болатын, рыноктың жалпы шығындар аймағы. Нарықтық экономика жағдайында кез келген кәсіпорын қызметінің 5 негізгі тәуекел аймағын белгілеуге болады.

Тәуекелсіз аймақта операция жүргізген кезде кәсіпорын ешқандай тәуекел жасамайды, ешқандай шығын көрмейді, кәсіпорын кем дегенде есепті табыс алады. Жобаны орындау кезінде, теориялық жағынан кәсіпорынның табысы шексіз.

Аз тәуекелді аймақтағы қызмет нәтижесінде кәсіпорын таза табысының барлық мөлшерін немесе бір бөлігін жоғалту ықтималдығы бар.

Жоғары тәуекелді аймақта кәсіпорын нашар болған жағдайда барлық шығындарын жабады, ал жақсы болған жағдайда есепті деңгейден төмен табыс алады. Бұл аймақта өндіріс қызметі қысқа мерзімді несие есебінен болуы мүмкін.

Қауіпті тәуекелді аймақта кәсіпорын есепті табысты ғана емес, сонымен қатар өнім өткізуден (жұмыс, қызмет) түскен табысты жоғалту ықтималдығы бар және шығындарды өзінің есебінен қайтарады.

Жарамайтын (апатты) тәуекелді аймақтағы кәсіпорынның қызметі банкроттыққа әкеледі, барлық инвестицияларын жоғалтады.

Тәуекелді талдау кезінде оның көздері мен себептерін анықтау керек. Пайда болу кезіне байланысты тәуекелділік былайша бөлінеді: меншікті шаруашылық, адамның өзімен байланысты, табиғи факторлармен байланысты. Тәуекелділіктің пайда болу себептері болашақтың анықталмауынан, әріптестің айқындалмаған мінезі, ақпараттың жетіспеуінен туындаған деп жіктеледі. Қандай да бір жағдайда болмасын, тәуекелділік шешімнің ақпаратпен жабдықталу жағдайына байланысты болады.

Тәуекелді талдауды бір-бірімен өзара тығыз байланысты және бір-бірін толықтыратын екі түрге бөлуге болады: сапалық және сандық

Тәуекелді сапалық талдау тәуекелді басқарудың екінші кезеңі түрінде көрінеді. Ол мүмкін болатын барлық тәуекелдерді теңестіріп салыстырады. Ол салыстырмалы түрде қарапайым болуы мүмкін. Оның басты міндеті - жұмыс пен кезеңдердің орындалуы кезіндегі тәуекелдің себептерін анықтау, яғни тәуекел мүмкін болатын аймақты айқындау, содан кейін барып барлық тәуекелдерді анықтау болмақ.

Тәуекелділік дәрежесіне әсер ететін барлық факторларды объективті және субъективті деп бөлуге болады. Объективті факторларға кәсіпорыннан тәуелсіз инфляция, бәсеке саяси және экономикалық дағдарыстар, экология, кедендік салықтар жатады. Субъективті факторлар тікелей нақты түрін сипаттайды: өндірістік потенциал, кадрлық құрылым, шаруашылық байланыстар, қаржылық жағдай.

Тәуекелдің сандық талдауы - бұл жалпы қаржылық тәуекелдің және ақшалай шығындардың жеке түрлері бойынша нақты көлемін анықтау. Жеке тәуекелдің өлшемдерін анықтау түрлі талдаудың әдістері арқылы жүргізіледі, соның ішінде кең тарағандары: статистикалық, шығындардың мақсаттылығын талдау, эксперттік бағалау әдісі, ұқсастықтарды (аналогтарды) пайдалану.

Статистикалық әдістің мәні берілген немесе ұқсас өндірістегі шығындар мен табыстардың статистикасы зерттеліп, сол немесе басқа экономикалық қайтарулардың көлемі белгіленіп және болашаққа дәлірек болжау құрылуында болып отыр. Вариация, дисперсия және стандарттық ауытқулардың есептеулері жүргізіледі.

Тәуекелділіктің дәрежесін есептеудің статистикалық әдісі көптеген көлемді мәліметтерді талап етеді. Олар әрдайым болмағандықтан, оны қолдану қиындайды.

Шығындардың мақсаттылығын талдау кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығының көрсеткіштерін есепке ала отырып,

тәуекелдің потенциалды аймақтарын анықтауға бағытталған. Шығындарды артық жұмсау келесі 4 фактормен немесе олардың косылуларымен байланысты туындауы мүмкін:

- құнның ең басында жете бағаланбауы;
- жобалаудың шектерінің өзгеруі;
- өнімділіктегі айырмашылық;
- алғашқы құнның өсуі.

Бұл негізгі факторлар нақтылануы мүмкін. Мысал ретінде қаржы-қаражаттарының тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері қызмет ете алады.

Эксперттік-бағалау әдісі маман-сарапшыға сұрақ-жауап коюға негізделген. Анкеталар кейін қойылған талдау міндетінің сол немесе басқа шешімін қабылдау үшін статистикалық өңделеді.

Сапалы пікір алу үшін сараптауға жоғары білікті және қойылған проблема аумағында үлкен практикалық тәжірибесі бар, даму тенденциясын теңдей көрсететін қабілеті бар, қойылған мәселеге ынталы мамандар қатыстырылады.

Ұқсастықтарды пайдалану әдісі құбылыстардың, құралдардың, жүйелердің ұқсастығын тауып пайдалануында болады, яғни жаңа идеялар мен ұсыныстар ұқсас объектілерді салыстыру негізінде пайда болмақ.

Бұл әдісті сонымен қатар эксперттік бағалау әдісін пайдалану түсінікке, талдаушының тәжірибесі мен біліміне байланысты болғандықтан анықтау субъективті сипат алады.

Тәуекелді тиімді болжаумен фирмаішілік жоспарлау бойынша сапалы жұмыстар жүргізу нәтижесінде төмендетуге болады. Тәуекелділікті төмендетудің ең жақсы әдісі инвестициялық шешімдерді сауатты талдау болып табылады.

Ал нақты орталықтағы тәуекелге байланысты мекеменің басшылары тәуекел деңгейін төмендету үшін келесі тәсілді қолданады: сатып алынатын тауардың/қызметтің түріне, бағасына қарай есеп айырысудың тәртіптерін өзі таңдайды. Мысалы, сомасы 100 000 теңгеден аспайтын кеңсе тауарларын сатып алу кезінде, Тапсырыс беруші (яғни Орталық) ақша сомасын толық көлемде біржолғы аударым арқылы төлейді. Ал егер күрделі жөндеу сияқты аса көп ақша қаражатын жұмсауға байланысты жұмыстарды/қызметтерді сатып алғанда, Тапсырыс беруші алдымен жұмысты жасау үшін қажетті материалдарды сатып алу сомасын, яғни Шарттын жалпы бағасынан 20% көлемінде аванс төлемін аударыды. Шартта алдын ала төлемдер ескеріледі. Содан кейін, жасалған шартта көзделген мерзімде, немесе талаптарға сәйкес жұмыстардың белгілі бір көлемі орындалғаннан кейін

келесі 50% көлеміндегі ақша сомасы аударылады. Ал қалған 30% көлеміндегі сома Кемшіліктер тізімі жойылғаннан, Орындалған жұмыстар актісіне және өзара есеп айырысулар актісіне қол қойылғаннан кейін, Орындаушының (Жабдықтаушының, Мердігердің) ұсынған шот фактурасы негізінде төленеді. Бұндай шаралар тапсырылған жұмыстардың толық орындалуын қамтамасыз етуге едәуір әсерін тигізеді, бірақ әрине, жоғарыда айтылғандай, бұл үдерістің толығымен ойдағыдай өтуіне ешкім кепілдік бере алмайды.

Аталып кеткендей, міндеттерін тиісті түрде орындамаған Жабдықтаушы немесе Орындаушы туралы деректерді Қаржылық бақылау комитетінің таратуы – олардың келесі өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға қатысуға құқығынан айыратыны олардың беделіне әжептәуір септігін тигізеді. Бұндай шараны қолдану туралы алдын ала хабарлау – бір жағынан Мекеменің, яғни Тапсырыс берушінің жұмыстарды өзінің талаптарына сәйкес орындалуын сақтандыру сияқты шара болып табылады.

Сонымен, жоғарыда баяндалғанды назарға ала отырып, бұл дипломдық жұмыстың мазмұнымен, соның ішінде тәуекел түсінігімен, тәуекел түрлерімен, тәуекел менеджменті негіздерімен, сондай-ақ «Әлеуметтік бейімделу орталығы» мемлекеттік мекеменің қаржылық қызметі мен оған қатысты туындайтын қаржылық тәуекелдермен, сонымен қатар тәуекел менеджментінде қолданылатын әдістермен, яғни тәуекел деңгейін төмендету тәсілдерімен таныстық.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Кәсіпкерлік тәуекелдің негізгі түрлерін атаңыз және сипаттап беріңіз.
2. Қайнар бойынша және пайда болу себебінде тәуекелдер қалай жіктеледі?
3. Экономикаға қандай тәуекелдер жатады? Оларды атаңдар.
4. Өмірдің түрлі жақтарымен және адамдар әрекетімен байланысты тәуекелдің негізгі түрлерін атаңыз және сипаттаңыз.
5. Сыртқы экономикалық әрекеттердің негізгі тәуекелдері қандай ?